

өзөктүү идеялары, гумандуу педагогиканын нарктары, улуу «Манастын» фундаменталдуу баалуулуктары жатат:

С.Байгазиевдин публицистикалык чыгармалары, эсселери, классикалык түстөгү макалалары эскирбес мүлктөр. Улуттук публицистиканын жүк көтөргөн нары, атаны С.Байгазиевдин чыгармачылыгы, эгемендүүлүктүн жылдарында улуттук аь сезимди ойготууда, жарандык атуулдук мекенчил рухту өстүрүүдө өзүнүн ургаалдуу ролун ойноду.

Залкар калемгердин 7 томдук публицистикасынын маани – музmunун, жаңылыгын, стилин изилдөө, С.Байгазиевдин улуттук публицистикадагы ролун, ордун, салымын системалуу талдап аныктоо алдыда турган актуалдуу илимий милдет болуп саналат.

#### Колдонулган адабияттар:

1. Рысбаев С. «Байгазиевдин бейнесине сүртүмдөр» - китепте: С.Байгазиев, Окутуунун жана тарбиялоонун философиясы - Бишкек, 2012.
2. Материалы международной конференции, - том 2, Бишкек, 2002, 90-91-б.
3. Садыков А. Кыргыз залкарлары - 5 том. Б.: - 2008ж.

#### References:

1. Rysbaev S. "Baygazievdin beynesine surtumdor" - kitepte: S.Baygaziev, Okutuunun zhana tarbiyaloonun philosophiyasy - Bishkek, 2012.
2. Materials of the international conference, - volume 2, Bishkek, 2002, 90-91-B.
3. Sadykov A. Kyrgyz zalkarlary - 5 vol. B.: - 2008zh.

УДК 821.512.122-3

DOI 10.33514/BK-1694-7711-2022-1 (1)-60-67

**Кожабоева Д. А., Куланова С. Ш., Турсуманова Ф. Ж., Омаров Т. К.**

Педагогикалык илимдердин магистри, ТКМПУ, ага окутуучу, Казакстан, Шымкент,  
Ф. н. к., Шымкент университети, Казакстан, Шымкент,

Педагогика илимдеринин магистри, Шымкент университети, Казакстан, Шымкент,  
Ф. н. к., ТКМПУ, ага окутуучу, Казакстан, Шымкент

**Kozhabaeva D. A., Kulanova S. S., Tursumanova F. Zh., Omarov T. K.**

Магистр педагогических наук, старший преподаватель ЮКГПУ. Казакстан, Шымкент,  
К.ф.н., Шымкентский университет, Казакстан, Шымкент,

Магистр педагогических наук, Шымкентский университет, Казакстан, Шымкент,  
К.ф.н., старший преподаватель ЮКГПУ. Казакстан, Шымкент

**Kozhabaeva D. A., Kulanova S. S., Tursumanova F. Zh., Omarov T. K.**

Master of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer, SKSPU, Kazakhstan, Shymkent.  
Ph.D., Shymkent University, Kazakhstan, Shymkent.

Master of Science in Education, Shymkent University, Kazakhstan, Shymkent.  
Ph.D., senior lecturer, SKSPU, Kazakhstan, Shymkent.

**ШАХАНОВДУН ЧЫГАРМАЧЫЛЫГЫНЫН КӨРКӨМӨЛҮК ӨЗГӨЧӨЛҮКТӨРҮ  
ШАХАНОВ ШЫГАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ**

**ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ОСОБЕННОСТИ ТВОРЧЕСТВА ШАХАНОВА**  
**ARTISTIC FEATURES OF SHAKHANOV'S WORKS**

**Аннотация:** Мақалада Қазақстан жана Кыргыз Республикаларының эл жазуучусу, казактын чыгаан инсаны Мухтар Шахановдун декабрь көтөрүлүшүн изилдөөдөгү эмгеги белгиленген. Жазуучунун «Декабрь эпопеясы» даректүү романына жана ушул темадагы бир нече ырларына талдоо. Казак жаштарынын кайраттуу улуттук духту суреттедегу оригиналдуулугу, керкем чеберчилиги талкууланды

**Аннотация:** Мақалада Қазақстан және Кыргыз Республикаларының халық жазушысы, қазақтың биік тұлғасы Мұхтар Шахановтың Желтоқсан көтерілісін зерттеп-зерделеудегі еңбегі атап өтіледі. Автордың осы тақырыпта жазылған “Желтоқсан эпопеясы” атты деректі романы мен бірнеше өлеңдеріне талдау жасалады. Қазақ жастарының қайсар ұлттық рухын бейнелеудегі өзіндік ерекшелігі мен қаламгерлік шеберлігі сөз болады.

**Аннотация:** В статье отмечается деятельность народного писателя Республики Казахстан и Кыргызской Республики, крупного казахского деятеля Мухтара Шаханова, в изучении, анализирования декабрьского восстания. Дается анализ авторского документального романа «Декабрьская эпопея» и нескольких стихотворений на эту тему. Так же отмечено оригинальность и художественное мастерство в передаче мужественного национального духа казахской молодежи.

**Annotation:** The article notes the activities of the people's writer of the Republic of Kazakhstan and the Kyrgyz Republic, a prominent Kazakh figure Mukhtar Shakhonov, in the study, analysis of the December uprising. The author analyzes the author's documentary novel "The December Epic" and several poems on this topic. They also noted the originality and artistic skill in the transmission of the courageous national spirit of the Kazakh youth.

**Негизги сөздөр:** Мухтар Шаханов; декабрь көтөрүлүшү; улуттук рух; даректүү роман; граждандык лирика.

**Кілт сөздөр:** Мұхтар Шаханов; Желтоқсан көтерілісі; ұлттық рух; деректі роман; азаматтық лирика.

**Ключевые слова:** Мухтар Шаханов; Декабрьское восстание; национальный дух; документальный роман; гражданский лиризм.

**Key words:** Mukhtar Shakhonov; December uprising; national spirit; documentary novel; civic lyricism.

Жазған туындылары әлемнің 40-тан астам тілдерінде аударылған, Қазақстан және Кыргыз республикаларының халық жазушысы, “түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны” Мұхтар Шахановтың Желтоқсан оқиғасының тиісті саяси бағасын алуына, оның зардаптарының жойылуына, құрбандарының ақталуына сіңірген еңбегі орасан. Шахановтың қайраткерлігі туралы айтылғанда Арал проблемасы, Желтоқсан оқиғасы осы есіммен ассоциацияланып кеткені де сондықтан.

Мұхтар Шахановтың Желтоқсан тақырыбына жазған бірнеше еңбегі бар. Олардың ішінде ең сүбелісі “Желтоқсан эпопеясы” атты деректі романы [1]. Романның бірінші кітабына 1986 жылы қазақ топырағында ашу-ыза жарылысы ретінде бой көрсеткен Желтоқсан көтерілісі туралы ой-толғаулары, түрлі философиялық тұжырымдары тиісті құжаттар негізінде баяндалады. Ақын – кеңес заманында кең қанат жайған тоталитарлық

жүйе тұсында-ақ, өз өміріне төнген қауіпке қарамастан Желтоқсан көтерілісін әлем сахнасына алып шыққан, саналы ғұмырының тең жартысына жуығын ұлт үшін күреспен өткізіп келе жатқан азамат. Құпия иірімдерге, ауқымды ой-сана ағысына бай «Желтоқсан эпопеясын» өз ұлтының қиын кезеңдегі күрделі тарихын бағалайтын оқырман тұшынып оқуда.

Елге ақын ретінде танылған Мұхтар Шахановтың проза жанрына, оның ішінде қазақ әдебиеті тарихында қарқынды дами қоймаған деректі роман жанрына бұрылуға мақсаты, өзінің оқырман қатарын толықтыру, сұранысқа ие болу емес, қоғамымызда әлі күнге дейін жете зерттеліп, толық бағасын алмаған, не сан ғасырлардан бері шешімін таппаған – ұлт тағдыры, ұлттық рух болмысы, ұлттық сана, ұлттық мүдде, ата тарих алдындағы қарыз бен парыз сынды әлеуметтік категориялардың бұлқыныспен ортаға шығуы, ұлт үшін маңызды мәселелерді көркем проза түрінде баяндауы деп бағаланса керек. Дана Л.Толстой «жазбауға шыдай алмағанда жаз» дегеніндей, ұлт ақынының да бұл тақырыпта кең көлемді туынды жазбауына мүмкіндігі қалмағандай.

Қазақ прозасында саяси тақырыптарды арқау еткен романдар аз емес (Ж.Шаштайұлы «Біздің заманның Аязбиі», Б.Мұқай «Өмірзая», Р.Тоқтаров «Бакытты құлдың ақыры» т.б.). Зерттеуші А.Ісімақова қазақ романы жанрында саяси арыз-шағым, түрмедегі адамдардың тергелуі, т.б. тәсілдерді алғаш қолданған қаламгер және туынды деп Б.Мұқайдың «Өмірзая» романын атайды [2].

Дегенмен филология ғылымдарының кандидаты Ноябрь Кенжеғараев бұл пікірмен келіспейді. Қазақ әдебиетіндегі деректі роман жанрының классикалық нұсқасы Б.Мұқайдың романы деректі роман емес, – М.Шахановтың «Желтоқсан эпопеясы» деген ойын жеткізеді. Қаламгердің бұл туындысын неліктен деректі роман жанрының классикалық үлгісі деп атаймыз деген сауалдың туындауы заңдылық. Бұған Н.Кенжеғараев былайша жауап береді: «Романның көтеріп отырған тақырыбының қазақ халқы үшін маңыздылығымен, ел Тәуелсіздігінің алғадайы болған Желтоқсан тақырыбының өзектілігімен, яғни саяси-әлеуметтік дискурсының көкейтестілігімен, идеялық-эстетикалық жүгінің зәрулігімен ғана емес, шығарма композициясында қолданылған әдіс-тәсілдердің молдығында, шығарма жанрымен үйлесім, үндестігінде, жарасымдылығында, орнықтылығында болса керек. Саяси номенклатураның, архив деректерінің осындай кең диапозонда әдебиетке келуі бұрын-соңды болмаған дүние» [3].

«Өмірзая» романын желтоқсан тақырыбына жазылған романдар қатарына жатқызғанымызбен, романда тікелей ол тақырып айтылмай, сол көтеріліске себеп болған ұлттық деңгейдегі қасіретті оқиғаларды суреттейді. Біз талдап отырған «Желтоқсан эпопеясы» да атауы желтоқсанмен байланысты болғанмен де, мәселе тек 1986 жылы желтоқсан айында болған көтеріліспен шектелмейді. Жазушының «Рух пен ыза дауылы немесе ғасырлар қойнауынан атылған оқ» деп айдар таққан екінші тарауында ғана емес, осы тараушаға атау болған сарын шығарманың өн-бойынан тұтас көрінеді. Қазіргі таңда аксиомаға айналған нәрсе – Желтоқсан көтерілісі Қазақстан басшылығына Колбиннің келуіне байланысты туындаған қарсылық қана емес, ол үш ғасырға жуық орыс отаршыларының езгісіне қарсы бағытталған, ақын тауып айтып отырған «ғасырлар қойнауынан атылған оқ» әрекет. Ол оқ – кектің, намыстың оғы емес, халықтың өзін-өзі сақтау инстингінен, ұлт табиғатынан, ұлт болмысынан туындап отырған терең тамырлы

дүние. 1986 жылғы Г.Колбиннің Қазақстанға басшы болып тағайындалуы, отаршылдық жүйенің шектен шығуы, не өзіне тажал болып жабысқан шарықтау шегі.

Жазушы саяси құжатнама, құқықтық деректер, архив материалдарын шашау шығармай, оның көркемдік құнын, әсерін кемітпей, кәнігі қалыптасқан жазушы шеберлігімен, ұтымды баяндау тәсілін пайдалана отырып, эмоциялық-экспрессиялық тұрғыда бір деммен жазылғандай тебіреніске жетелейтін, саяси-тарихи нысанда жасыған намысынды, жоғалуға шақ тұрған ұлттық рухынды оятатын құнды дүние жасай білген. Романның «Желтоқсанда оянған садизм немесе мейірім мен ұят шегінісі», «1937-ші жыл жаңғырығы немесе қара мысықты іздеу» атты тарауларында Желтоқсан көтерілісін жалқы оқиға, құбылыс емес, қазақтың ұлттық қасіреті ретінде танып, өткен тарихи оқиғалар мен желтоқсан көтерілісін байланыста, сабақтастықта алып қарауы қаламгердің «Төрт анасында» [4] өзі жырлаған төртінші ана-тарихын терең білетін, жанымен түйсінген азаматы екендігін айғақтайды.

Тұтастандыру үрдісін, не синтездеуді автор жалаң сөздермен емес, архивтік құжаттар арқылы аша түседі. Бұл әдіс әрине, оқырман қауымға өте терең әсер етеді. Тарихи құжаттардың алдында ешкімнің де бұлтармасы аян. Ұлттық сананы қалыптастырудың, оятудың ерекше тиімді және өнімді тәсілі, дегенмен автор айтуы бойынша, бұл салада да «әттеген-айлардың» көп екендігі, әсіресе Желтоқсан көтерілісіне, тіпті оған ғана емес, кешегі Кеңес өкіметінің 20-30, 40-50, 86-90 жылдардағы жүргізген отарлық саясатына байланысты көптеген құжаттардың жоқ болуы, не қасақана жойылуы, танысуға рұқсат берілмеуі, Ресей архивтерінде темір тордың ішінде жасырулы екендігі өкінішпен баяндалады. «Ұлтсыздандыру саясаты немесе Желтоқсан көтерілісіндегі ұлт мүддесі» атты тарауын романның түйіні деп айтса болады. Л.Толстой «Соғыс және бейбітшілік» роман-эпопеясының төртінші томын өзінің философиялық, дүниетанымдық концепцияларына арнаса, М.Шаханов романының соңғы тарауын тарихи-саяси параллель жасаумен қорытындылайды. Және бұл өте дұрыс, сәтті жасалған талдау. Желтоқсан көтерілісінің астарында ұлттық азаттыққа деген арманы, мұңы-зары, отарлау саясатына деген қарсылығы, наразылығы менмұндалап тұр.

Автордың көркем әдебиетте ғана емес, еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде ұлт мүддесінің жанашыры болып жүргені айдай аян. Қазіргі таңдағы М.Шахановтың өмірдегі де, өнердегі де басты тақырыбы – ұлт тағдыры, ұлт мүддесі. Қазақ елі үшін бұл тақырып өткір тұрған тақырып. Себебі посткеңестік республикалар ішінде отаршылардың құрығына ерте ілігіп, ғасырлар бойына көндікпей қарсылық көрсетіп, қасық қаны қалғанша қармысып өткен ұлт – қазақ ұлты және ең үлкен зәбірді де көрген ұлт – қазақ ұлты. Сондықтан да этнодеформацияға жүйелі түрде ұшыратылған халық та – қазақ. Сол қазақтың қасіретін М.Шаханов «Желтоқсан эпопеясы» романында тұтастай алып қарастырып, генезисін ашады. Тарих тағылымына ой жіберумен қатар, Қазақстанның бүгінгі күніне де байланысты концепцияларын айтады. Кешегі отаршылдық, құлдық, тоталитарлық санадан әлі күнге дейін арыла алмай отырған, не сол отаршылдық ойраны жемісін беріп, этнодеформацияға ұшыраған қазақ қауымының көңіл алаңдатарлық жайына да тоқталуы, автордың мәселені кешенді, тұтас көре білуінде десек болады.

Деректі романы екі бағытта жазылған. Бірі – деректі мәліметтер болса, екіншісі – қайраткерлер мен зиялы қауымдардың Желтоқсан көтерілісіне берген мәліметтері. Бұл екі бағыт – өзара қабысып жатыр. Бұл роман тоғыз бөлімнен тұрады. Әрбір бөлімі өткен

күндердегі азаппен өткен қиыншылықтарды әрбір адамның сұрапыл қастандықпен өткен күндер мен түндерді суреттеген.

Әдетте Мұхтар Шаханов дегенде ойымызға ең алдымен ақын ұғымы оралады. Алайда «талантты адам барлық жағынан талантты болады» деген қағиданы растап жүрген тұлғалардың бірі осы Мұхтар ағамыз. Ол – көпқырлы автор. Оның жазушылығын жоғарыда сөз болған «Желтоқсан эпопеясы» дәлелдесе, композиторлығын көрсететін бірнеше әндері тағы бар. Нақты желтоқсан тақырыбына арналған әндерді сөз етер болсақ, «Желтоқсан алауы» әнінің сөзі де, әні де Мұхтар Шахановтікі.

Әр дәуірдің еркіне сай нарқы өзгерген алтынның,  
Айналайын алтын әнім, жас өркені халқымның.  
Желтоқсанда шындық жырын шырқаймын деп шарқ ұрдың,  
Желтоқсанда егеменді ел болсақ деп талпындың.  
Кеудеңде әлі сызы жатыр сол кездегі салқынның,  
Айналайын, айналайын, жас өркені халқымның!  
Деп басталатын әнді ел бірден қосыла шырқай жөнелді. [5; 31]

Абдуқап Қарағалым Ахмет Ташағылдың жетекшілігімен жазылған Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының себептері мен салдарлары тақырыбындағы магистрлік диссертациясында Есенғали Раушановтың «Қара бауыр қасқалдақ» әні жөнінде былай дейді: «Желтоқсан оқиғасының шындығын жариялауға тыйым салуына байланысты теледидар және басқа да БАҚ-та ол жөнінде айту мүмкін болмады. Бұл мәселедегі режимнің қатал ұстанымын бұзып, жанама түрде болса да халықты хабардар еткен негізгі жеткізушілер қазақ өнерпаздары болды. Әсіресе ақындар өлеңдері арқылы шебер жеткізе білді. Бұның ең озық үлгісін Е.Раушановтың өлеңдерінен көреміз. Әйтсе де, жұртшылықтың ашық айта алмағанын жырлағандықтан, өлең көптің көңілінен шықты. Осылайша, өнер шындықты айтуда саясатты жеңді. Әлбетте, саясаткерлер мен зиялылар айта алмаған шындықты өнер көрсетті. Колбин мен басқа да кеңес шенеуніктерінің өнерге шамасы жетпеді» [6; 72]. Бұл пікірді «Желтоқсан алауына» да қатысты айтсақ, әннің танымалдығының сырын оңай аңғаруға болады.

«Ақындық ғұмырын елі мен жерінің, тілінің тағдырынан бөліп қарамаған Мұхтар Шаханов кешегі кеңестік кезеңнің айтулы оқиғасына арналған Желтоқсан трагедиясының мәні мен маңызын жан-жүрегімен сезініп, аяусыз соққыға жығылған албырт жастарға араша сұрап, бұл оқиғаның тарихтан әділ бағасын алуына сіңірген еңбегі баршаға белгілі. Ол туралы жоғарыда да атап өттік. Бұл – ақынның ұлты үшін атқарған азаматтық ісі еді. Ұлт тарихынан ерекше орын алған желтоқсан оқиғасын ақын болып жырлап, азамат болып қолдады. Тәуелсіздік жолындағы күрестің қаһармандарына айналған өрімдей ұлдар мен қыздардың тағдырына күйзелді» [7].

Жанат Әскербекқызының осы ойы азаттық жолындағы айқасты жырлаған мына өлеңде нақтыланып тұр:

Ерте айтылды, сондықтан да келте айтылды бұл әнің,  
Уақытыңның талабына дөп келсе де ұраның,  
Уақытыңның әділетсіз соққысынан құладың.  
«Нашақор» деп, «маскүнем» деп айыпталдың, ұланым.  
Саған жапқан сол жаланы естіп үнсіз тұрғанша,  
Керең болып қалмады екен неге менің құлағым [8; 144].

Осы жолдардың салмағы зіл батпан.

Поэзия – адалдық пен ақиқатты, ізгілік пен парасатты, жарасым мен үйлесімділікті мұрат тұтқан біртұтас рух майданы десек, әрбір ақынның жүрегінен орын алған, санасының қалтарысына қатпарланған танымдық әлемі өлең өлкесінде өз өрнегін қалдыратыны белгілі. Осы тұрғыдан келгенде, сезім сырларын шерткен лирикасын асқақ пафосқа толы азаматтық поэзияға ұластырған Мұхтар Шахановтың жастарға сенімі мол:

Жә, не деген нүктесі көп, бүкпесі көп өмір ең...  
Төрт жыл өтті шындық күліп шыққанынша көгінен.  
Оқ бойы озып тұрыпсың-ау сол аумалы кезеңде-ақ,  
Пышаққа сап бола алмайтын әкімдердің көбінен.

Өсер елдің қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,  
Лаула, лаула, желтоқсанның мұзға жаққан алауы.  
Өздеріңдей өр намысты жас өркені бар елдің  
Ешқашанда еңкеюге тиісті емес жалауы!

Халқының қайғысына қабырғасы қайысқан, тіпті, сол үшін денсаулығында нашарлатып, талай күн мен түнді ұйқысыз өткізген Мұхтар Шахановтың өмірі мен халық келешегі үшін аянбай жұмыс жасап, тер төккен қаламының ұшынан найзағайдың шоғындай үлкен намыстың, қажымас қайраттың, тарих қойнауындағы алтын әріптердің ізімен қалған оқиғалардың көрінісін көреміз. Оны тереңірек ұғыну үшін ел ағасы Мұхтар Шахановтың келесі өлеңіне тоқталуымыз керек.

Сәл аялдап, тағзым етпей бұл алаңнан өтпендер...  
Желтоқсанда ызғырықтан тітіркеніп көк пен бел,  
Бұл жер, қалқам, асқақ рух жарылысы өткен жер,  
Қайта оянған ұлт намысын қызыл қанға бөккен жер,

Ерте есейген ару қызды шаштан сүйреп, тепкен жер,  
... Ұлттың бағы жанар ма екен хас тұлпар, нары жоқ,  
Ал, біреулер намысы жоқ, жігер, қауқар, қары жоқ,  
Кемсітпекші «желтоқсанның жалаң аяқтары» деп.  
Жоқ!!! Кешегі сын сағатта көкірегінде жанып от,

Тұрған солар аяз сорған қызыл беттің ары боп  
Дәуірінің тауығына шашылмаған тары боп.

М. Шахановтың қаламының ұшынан халықтың қайғысына демеу болатын, ой-санасына қанат бітіретін сөздің патшасы, сөз сарасы болар жұп-жұмыр осы өлеңі былай аяқталады:

Тірліктегі әр істің жаңғырығы болады  
Бұл табиғи жасырын заң өзгеріссіз қалады,  
Сол заңға сай екені бақыт, не сор іздеп табады.

...Дүниені дүр сілкіндірген жас толқынның саналы  
Даңқын ешкім, ешкім бүркей алмас.  
Оны да еске салады  
Желтоқсанның бас алаңы, қайсар рух алаңы. [8; 145].

Міне, ақынның жырға қосып отырған құбылысы, көрінісі, ойын жеткізу формасы барлығы тоғысып келіп, ұлттық рухты қамшылайды. Бұдан шайырдың шеберлігін қапысыз аңдаймыз. Қазақты шексіз сүйетіндігін аңғарамыз. Өйткені, әдеби әдіс-тәсілдері мен теңеулерінің барлығы ұлттың ұлағатымен сабақтас. Бұл да бір хас ақынның белгісі болса керек. Жоғарыда келтірген мысалдар Мұхтар ақынның дарын қабілетінің бір көрінісі, таптырмас теңеулерінің бір парасы ғана. Айта берсек, жоғарыдағы өлең жолдары жалғаса береді.

Сөзіміздің соңында, Мұхтар Шахановтың поэзиясы ұлттық идеяға негізделгенін айтқымыз келеді. Америкалық ақын Джон Эшберидің «Құдайым әр ақынға өз ұлтына Шахановтай еңбек етуді жазсын» деп тамсануы да сондықтан болса керек [9; 5].

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Шаханов М. «Желтоқсан эпопеясы» – Алматы. 2006. – 624 бет.
2. Айгүл Ісімақова. Ұлттың жаны – әдебиетінде. «Егемен Қазақстан» газеті 8 Мамыр, 2018.
3. Ноябрь Кенжеғараев «ЖЕЛТОҚСАН ЭПОПЕЯСЫ» – қазақ қасіретінің көркем тарихы <https://qazaquni.kz/news/1794-zhelto-san-e-popeyasyi-aza-asiret>
4. М.Шаханов. Төрт ана: Өлеңдер, балладалар, дастандар, әндер. – Алматы. «Баспа», 2014. – 1022 б.
5. Шаханов Мұхтар. Таңдамалы жырлар. – Алматы, 1992 -64б.
6. Абдуқап Қара «Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының себептері мен салдарлары» атты магистрлік диссертациясы.
7. Жанат Әскербекқызы. «Ұлт рухының шырақшысы». Егемен қазақстан газеті. 03 Шілде, 2012.
8. Шаханов Мұхтар. Жаңа қазақтар ( Таңдамалы жырлар). – Алматы, 2000. -224 б.
9. Шаханов М. Ұлт анасы – тіл. Рухани толғаныстар кітабы. – Алматы: «ЖШС «Жедел басу баспаханасы», 2010. – 424 бет.

#### References:

1. Shakhanov M. "The Epic of December" - Almaty. 2006. - 624 pages.
2. Aigul Isimakova. The soul of the nation is in literature. Egemen Kazakhstan newspaper May 8, 2018.
3. November Kenzhegarayev "the epic of December" - an artistic history of Kazakh tragedy <https://qazaquni.kz/news/1794-zhelto-san-e-popeyasyi-aza-asiret>
4. M. Shakhanov. Mother of four: poems, ballads, sagas, songs. - Almaty. "Publishing house", 2014. – 1022 P.
5. Shakhanov Mukhtar. Selected Poems. - Almaty, 1992-64B.
6. Abduakar Kara master's thesis "causes and consequences of the December 1986 events in Kazakhstan".

7. Zhanat Askerbekovna. "Candle of the spirit of the nation". Egemen Kazakhstan newspaper. 03 July, 2012.
8. Shakhanov Mukhtar. New Kazakhs (Selected Poems). - Almaty, 2000. -224 P.
9. Shakhanov M. mother of the nation-language. The book of spiritual reflections. - Almaty: "operational printing house "LLP, 2010. - 424 pages.

УДК:81-25(575.2) (04.)

DOI 10.33514/ВК-1694-7711-2022-1 (1)-67-70

**Кулбачаев Д. К.**

Ж.Баласагын атындагы Кыргыз улуттук университетинин ага окутуучусу,  
педагогика илимдеринин кандидаты

**Кулбачаев Д. К.**

старший преподаватель Кыргызского национального университета им. Ж. Баласагына,  
кандидат педагогических наук

**Kulbachev D. K.**

Senior Lecturer, Kyrgyz National University named after J. Balasagyn,  
candidate of pedagogical sciences

**ТИЛ СЫРЫ- АДАМЗАТТЫН ЭҢ АБАЛКЫ ЖАНА ЭҢ ТАТААЛ КУПУЯ  
СЫРЛАРЫНЫН БИРИ**

**ЯЗЫКОВАЯ ТАЙНА - ОДНА ИЗ САМЫХ ЗАГАДОЧНЫХ И СЛОЖНЫХ ТАЙН  
ЧЕЛОВЕЧЕСТВА**

**THE LANGUAGE MYSTERY IS ONE OF THE MOST MYSTERIOUS AND COMPLEX  
MYSTERIES OF MANKIND**

**Аннотация:** Макалада тил –пикир алышуунун гана негизги куралы катары каралбастан, тил улуттук маданияттын казынасы катары бааланары жана тили менен улут өзүнүн өзгөчөлүгүн , кайталангыс экендигин көрсөтүп тургандыгы макалада чагылдырылат.

**Аннотация:** В статье отмечается, что язык рассматривается не только как основной инструмент общения , но и как сокровищница национальной культуры, и язык показывает, что нация уникальна и уникальна.

**Abstract:** The article notes that language is considered not only as the main tool of communication, but also as a treasure trove of national culture, and language shows that the nation is unique and unique.

**Негизги сөздөр:** тил, оозеки форма, акыл-эс, илим, маданият, пикир алышуу.

**Ключевые слова:** язык, словесная форма, интеллект, наука, культура, общение

**Key words:** language, verbal form, intelligence, science, culture, communication

Сүйлөө-адамдардын оозеки эркин формада өз ара баарлашуу пикир алышуу экендигин билебиз. Анын жардамы аркылуу тил каражаттарын иреттүү колдонулушу менен маалымат алмашылат. Тил аркылуу кепти калыптандырууга, аны угууга, туура сүйлөөгө, башка адамдар менен баарлаша билүүгө калыптандыруучу кызмат аткаргандыгын көрүүгө